

А.А. МАМЫРБАЕВ, М.С. ЖҰМАҒАЗИЕВА, Б.В. ЗАСОРИН, З.Ж. АҚБАЛАЕВА

ӨНДІРІСТІК ҚАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АС ҚОРЫТУ МҮШЕЛЕРІНІҢ АУРУЛАРЫ

Денсаулық сақтау министрлігінің Кәсіби ауру және еңбек гигиенасы ұлттық орталығының
Батыс Қазақстан филиалы,

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы, Ақтөбе қаласы

Қоршаған ортаны қорғау мәселесі қазіргі кезде дамыған елдерде, сонымен қатар дамушы елдерде де халықтың бір жерге жинақталуына (урбандалу), өндірістің қарқынды өсуіне, энергетикаға, транспортқа, интенсификацияға, сонымен қатар ауыл шаруашылық өндірісінің химизациясына, тұрмыста химиялық заттардың көп қолданылуына байланысты маңызды болып отыр.

Ірі қалаларда тұрғындар санының артуы, өндірістің өсуі, халықтың тығыздалуы - ортаның әртүрлі адамға зиянды өндіріс қалдықтарымен интенсивті ластануына, қоршаған ортада жағымсыз химиялық факторлардың дамуына алып келуде. Осы факторлар кешеніне жеткіліксіз назар аударылса, олар тұрғындардың денсаулығы мен өмір сүру жағдайына жағымсыз әсер етеді.

Қазіргі таңда Ақтөбе қаласының аймағында ауаның [1], судың [2], топырақ және қар жамылғысының [3,4] ауыр металдармен ластануының тұрақты табиғи-техногенді аймағы қалыптасқан. Бұл жағдайлар адам организміне сумен, тамақтану өнімдерімен келіп түсетін ауыр металдардың көбеюіне алып келеді, ал ол асқорыту жүйесінің әртүрлі түрлерінің дамуына соқтырады [5].


Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты біз 2001-2006 жылдар арасында тұрғылықты аймақ есебімен асқазан-ішек ауруларына баға бердік.

Кіші аймақты бөлу негізіне жоғарыда көрсетілген мәліметтер негізге алынды [6]. Аурудың анализі 1000 тұрғынға есептегендегі ҚДЕ № 1,3,4 негізінде жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі 1-3 суретте көрсетілген.

Сурет 1

Ақтөбе қаласындағы балалардың ас қорыту жүйесінің аурулары




Бірінші суретте көрсетілген мәліметтер бойынша ас қорыту жүйесінің ауруларының жоғарылауы балалар арасында болып отыр. Қызмет көрсету орнында бірінші ҚДЕ 1, екінші орнында ҚДЕ 3, үшінші орнында ҚДЕ 4 тұр. Бірақ ҚДЕ 3 аймағында бақылау кезінде ауру деңгейі тұрақты және 26,1-29,5 аралығындағы жағдайда толқитынын ескеру керек. Осы уақытта ҚДЕ 1 мен ҚДЕ 4 аймағында өсудің деңгейі 22,5 тең 42,2 және 20,6 дан 29,2 арасында ауытқиды.

ҚДЕ 1 аймағындағы приоритеттік формалар арасында бірінші орында гастрит пен дуоденит (6,5-8,6), екінші - асқазанның қызметінің бұзылыстары (5,6-7,3), үшінші - өтке тас жиналу аурулары (0,7-2,3) тұр. ҚДЕ 3 аймағында бірінші орынды асқазан қызметінің бұзылуы (6,7-10,5), екінші - гастрит пен дуоденит (3,3-3,8), үшінші - өтке тас жиналу аурулары, холецистит (0,2-0,6) алады.

ҚДЕ 4 аймағында бірінші орынды гастрит пен дуоденит (2,5-5,2), екінші орынды асқазанның қызметінің бұзылуы (1,4-1,6), үшінші орынды холецистит пен холангит алып отыр.

Осылай, балалар арасындағы аурулар құрамы ұқсас. Бірақ ҚДЕ 4 аймағында гастрит пен дуоденит және өтке тас жиналу аурулары басқа ҚДЕ-ларға қарағанда 2-2,5-ға артық. Сол сияқты ҚДЕ 3 аймағында асқазан қызметінің бұзылуы 1,5-2,0-ге жоғары.


Сурет 2
Ақтөбе қаласындағы жасөспірімдердің арасындағы ас қорыту жүйесінің аурулары



Екінші суреттегі мәліметтерден көріп отырғандай, бақылау кезіндегі ауру деңгейі айтарлықтай ауытқымаған. Бірақ ҚДЕ 4 аймағындағы аурудың жоғарғы деңгейі назар аудартады (төмендеу тенденциясымен).

Сурет 3

Ақтөбе қаласының ересектер арасындағы асқорыту мүшелерінің аурулары



Ересектер арасында асқорыту мүшелерінің ауруларының құрылысында анық көрсетілген тәуелділік байқалмайды. Барлық ҚДЕ аймағында да басты орынды гастрит пен дуоденит алады, одан кейін асқазан және он екі елі ішек жарасы аурулары алады.

Баяндалғандарды түйіндей келе, ас қорыту мүшелері аурулары деңгейі мен экологиялық жағдайлар арасындағы нақты тәуелділік тек балаларда екендігін қорытып айтуға болады. Соған қарағанда, бұл балалардың тұрғылықты аймағына және зиянды заттармен қатынаста болмайтындығына байланысты болуы керек.

Әдебиеттер:

1. Засорин Б.В., Карашова Г.И., Исаков А.Ж. Определение реальной химической нагрузки на население урбанизированных территорий за счет загрязнения воздушной среды. Проблемы медицины труда и промышленной токсикологии в Казахстане. Караганда, 2006, С. 151-154.
2. Засорин Б.В., Исакова Г.К., Исаков А.Ж.. Гигиеническая оценка водоснабжения сельских населенных пунктов Актюбинской области// Вестник Южно-Казахстанской медицинской академии. 2006, №2, С. 147-150.
3. Карашова Г.И., Калдыбаева А.Т., Утешова Л.Ш. и др. Характеристика химического загрязнения снежного покрова на территории города Актюбинска. Нефть и здоровье. Уфа, 2007, С. 164 -166.
4. Утешова Л.Ш., Калдыбаева А.Т., Ермуханова Л.С. и др. Накопление химических веществ в почве на территории города Актюбинска. Нефть и здоровье. Уфа, 2007, С. 167-170.
5. Засорин Б.В., МолдашевЖ.А., Каримов Т.К., Юрченко В.И. Содержание хрома в овощах и заболевания органов пищеварения в условиях техногенной провинцию. Региональная проблема питания. Алматы, 1992, С. 35-36.
6. Ермуханова Л.С., Утешова Л.Ш., Карашова Г.И., Жумагазиева М.С., Исаков А.Ж., Тукешова Г.С. Иммунологические исследования здоровья население в условиях промышленного города // Медицина. 2007, №1, С. 70-71.